

**"Облыстық бюджет қаржылары есебінен төлемдерді қолма-қол ақшасыз және қолма-қол түрде ақшалай түрде жүзеге асырудың тәртібі туралы" Жамбыл облыстық әкімиятының 2004 жылғы 8 маусымдағы №148 қаулысының күші жойылды деп тану туралы**

Жамбыл облысы әкімдігінің 2015 жылғы 25 қыркүйектегі № 238 қаулысы

**РҚАО-ның ескертпесі.**

**Құжаттың мәтінінде түпнұсқаның пунктуациясы мен орфографиясы сақталған.**

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңына, " Нормативтік құқықтық актілер туралы" Қазақстан Республикасының 1998 жылғы 24 наурыздағы Заңына сәйкес Жамбыл облысының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. "Облыстық бюджет қаржылары есебінен төлемдерді қолма-қол ақшасыз және қолма-қол ақшалай түрде жүзеге асырудың тәртібі туралы" Жамбыл облысы әкімиятының 2004 жылғы 8 маусымдағы №148 қаулысының (Нормативтік құқықтық актілердің мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 1408 болып тіркелген, 2004 жылдың 3 тамызында "Ақ жол" газетінде жарияланған) күші жойылды деп танылсын.

2. "Жамбыл облысы әкімдігінің қаржы басқармасы" коммуналдық мемлекеттік мекемесі заңнамада белгіленген тәртіппен және мерзімдерде осы қаулының 1-тармағында көрсетілген нормативтік құқықтық актінің күші жойылды деп танылғаны жөнінде әділет органдарына және ресми жариялау көздеріне хабарлауды қамтамасыз етсін.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау облыс әкімінің бірінші орынбасары Б.Орынбековке жүктелсін.

*Облыс әкімі*

*К. Көкрекбаев*